

ЖОБА

**«ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІНДЕГІ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІ»  
БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ КУРСЫНЫҢ  
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Алматы, ПҒА – 2024 ж.

© ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР АКАДЕМИЯСЫ, 2024 ж.

Барлық құқықтары қорғалған. Осы басылымды кез келген түрде әртүрлі құралдармен, фотокөшірмені және электронды нұсқаны қоса алғанда, авторлық құқық иесінің жазбаша рұқсатынсыз толық, ішінара басып шығаруға немесе таратуға тыйым салынады.

## МАЗМҰНЫ

1. Жалпы ережелер.....	4
2. Глоссарий.....	5
3. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер .....	6
4. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны .....	8
5. Оқу процесін ұйымдастыру .....	8
6. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі .....	9
7. Оқу нәтижелерін бағалау .....	11
8. Курстан кейінгі қолдау .....	11
9. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі .....	12

## 1. Жалпы ережелер

1. «Ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізі» біліктілікті арттыру курсының білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) орта білім беру ұйымы педагогтері мен колледж оқытушыларының (бұдан әрі – Тыңдаушылар) біліктілігін арттыру курсының оқыту үдерісін жүргізуді реттейді.

2. Бағдарламада тыңдаушыларға ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізінің өзекті бағыттарын қалыптастыру мақсатында теориялық және практикалық тұрғыда білім беру, сонымен бірге олардың ұрпақ тәрбиелеудегі функционалдық сауаттылығын көтеру қарастырылады.

3. Бағдарламаны құрастыруда келесі нормативтік құжаттар негізге алынды:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. 27.07.2007ж., №319-III ҚРЗ. – Астана, Ақорда.

2. ҚР тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: Болашаққа бағдар» бағдарламалық мақаласы, 12 сәуір 2017 ж.

3. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 Жарлығы

4. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары. Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы №636 Жарлығымен бекітілген. 137 б.

5. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек.

6. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 Қаулысы

7. Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ.

8. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;

9. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;

10. «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы;

11. «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI Заңы.

12. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. ҚР БЖҒМ № 145 бұйрығы, 15 сәуір 2019 ж.

## 2. Глоссарий

**АКТ сауаттылығы** – қосымша электрондық құрылғылар мен ақпараттық құралдарды білім алу жолында қолдана алу мүмкіндігі;

**Буллинг** (ағылш. «bullying» - «кемсіту», «келемеждеу», «қорлау») – адамның өзгеге күш көрсетуі, қорлауы;

**Виртуалды әлем** – бұл компьютерлік имитациялық орта түрінде болатын желідегі қоғамдастық жанры. Осы ортада болған кезде пайдаланушылар бір-бірімен әрекеттесе алады, алдын ала құрылған компьютерлік объектілерді қолдана алады немесе оларды өздері жасай алады;

**Еңбек құндылықтары** – қоғамдағы жұмысбастылық, кәсіпкерлік, еңбек өнімділігі, еңбек сапасы, адамның өмір жағдайы мен экономикалық өркендеудің негізі;

**Интернет қауіпсіздігі** – спам-пошта және зиянды бағдарлама, киберқауіпсіздік пен доксинг сияқты зиянды әлеуметтік мінез-құлықтан сақтану жолдары;

**Интернетке тәуелділік** – «off-line» режимде отырып ғаламторды пайдалануға деген құлшыныс, немесе «on-line» режимде ғаламтордан шыға алмай қалу әрекеті;

**Кәсіпкерлік** – тәуекелге бел буып жасалынатын экономикалық әрекет, тауарларды өндіру және сатудан, іс-шарадан, көрсетілген қызметтерден, істелген жұмыстардан жүйелі пайда алуға бағытталған дербес қызмет;

**Қабілет** – тұлғаның қызмет түрлерін атқару тәсілдерін жетік меңгеруінен көрініс табатын, оларды игеру мүмкіндігін шарттастыратын, жемісті нәтижеге қол жеткізу мүмкіндіктерін көрсететін дара - психологиялық ерекшелік;

**Құзыреттілік** – оқыту процесінде алған білімді, іскерлікті және дағдыларды кәсіби қызметте практикалық қолдану қабілеті;

**Құндылық** – белгілі бір заттың маңыздылығын, керектігін, объектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық-социологиялық ұғым. Құндылықтар жүйесі адамның күнделікті қоғамдық не жеке тұрмыстық бағдарында, оның айналасындағы заттар мен құбылыстарға қарым-қатынасының орнауында орын алады.

**Лудомания (ойын құмарлық, гэмблинг лат.тілінен Homo ludens – ойнаушы адам)** – субъекттің өмірінде басым роль ойнайтын, әлеуметтік, кәсіби, материалдық және отбасылық құндылықтардың төмендеуіне әкелетін патологиялық ойын құмарлық;

**Мамандық** – қызметкердің кәсіп шегіндегі қызметінің нақты саласы. Ол лауазымнан өзгеше түрде белгілі бір білімді және арнаулы түрде оқып-үйрену немесе жұмыс тәжірибесін жинақтау барысында алған еңбек машықтарын талап ететін еңбек қызметінің тегін сипаттайды;

**Отбасылық құндылықтар** – бір-бірін сүйіп қосылған жанұялардың отбасын сақтау, балаларын тәрбиелеу үшін қолданатын салт-дәстүрі;

**Рухани-адамгершілік тәрбие** – өмірге адамның тұрақты және үйлесімді

дамуын қамтамасыз ететін құндылықты қатынасты қалыптастыру;

**Салауатты өмір салты** – денсаулықты сақтауға және нығайтуға бағытталған сауықтыру жолындағы белсенді іс-әрекет;

**Суицид** – саналы түрде өмір сүруді тоқтату, өз-өзіне қолжұмсау;

**Тәрбиелік орта** – табиғи және әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларда өмір сүрген адамның (бала немесе ересек) жеке тұлға ретінде дамуы. Оған отбасы, балабақшадағы топ, сынып, спорттық секциялар, үйірмелер, көшедегі орта, білім мекемелері, жұмыс жатады.

**Ұлттық құндылықтар** – әрбір ұлттың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидаттары. Ғасырдан-ғасырға жеткен халықтың қазынасы – тілі, ділі, салт-дәстүрі, әдебиеті мен өнері ұлтымыздың рухани байлығы;

**Цифрлық мәдениет** – ақпараттық технологиялар мен медианы дамытудағы қажеттіліктерімізді жеңілдетуді құрайтын қоғамдық мәдениет;

**Эмоция** (фр. emotion, лат. enoveo – толғану) – адам мен жануарлардың сыртқы және ішкі тітіркендіргіштер әсеріне реакциясы; қоршаған ортамен қарым-қатынас негізінде пайда болатын көңіл-күй.

### **3. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер**

**Бағдарламаның мақсаты:** ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізінің өзекті бағыттарын қалыптастыруды теориялық және практикалық тұрғыда жетілдіру мақсатында мұғалімнің ұрпақ тәрбиелеудегі функционалдық сауаттылығын көтеру.

**Бағдарламаның міндеттері:**

– тәрбие берудің 6 өзекті бағытының мақсат-міндеттерін және олардың жас ұрпаққа саналы тәрбие берудегі маңыздылығын саралап көрсету;

– мектептің мәдени-тәрбиелік ортасын қалыптастыру мақсатында ұрпақ тәрбиесін ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға негіздей отырып, мұғалімдерге қажетті семинар-тренингтер ұйымдастыруға көмек беріп, олардың эмоционалдық және коммуникативтік құзыреттілігін жетілдіру жолдарын көрсету;

– отбасылық құндылықтар жүйесін жетілдіру үшін отбасының тәрбие жүйесін жетілдіруге көмек көрсету, мұғалімдердің ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту жолдарын, қыз бала тәрбиелеудегі ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыру бағыттарындағы жұмыс формаларын көрсету;

– ұлттық құндылықтар жүйесінің бала тәрбиесіне ықпалын, оларды күнделікті тұрмыс-тіршілікте пайдалану жолдарын қарастырып, қазақ халқынан шыққан дана тұлғалардың даналық сөздерін жүйелі түрде пайдалана отырып, оларды тәрбие беру жұмысында дұрыс қолдануға қатысты нақты мысалдар беру;

– салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыс жасау үшін суицид және оның алдын алу бойынша оқушының қойынкітапшасын

ұсынып, онда олардың өзін анықтауларына, өмірлерін бағалауларына және өмірде кездесетін әртүрлі келеңсіз жағдайларды жеңуге қатысты кеңестер ұсыну;

– оқушылардың АКТ сауаттылығын жетілдіру, интернетке тәуелділік, уақытты тиімді басқару, интернет кеңестігіндегі қауіпсіздік, цифрлі мәдениетті қалыптастыру мәселелерін жан-жақты қарастыру, олардың интернетті тиімді пайдалануына бағыт-бағдар бере отырып, одан келетін қауіптің алдын алу жолдарын көрсетіп, бос уақыттарын дұрыс ұйымдастыруларына қатысты кеңестер беру;

– адал кәсіпкерлік, еңбек құндылықтары мен оқушыларға кәсіби бағдар беру жұмысын іске асыру жолдарын және мамандық таңдаудағы ата-аналардың міндеттерін қарастырып, кәсіби құзыреттіліктері мен қажетті біліктіліктерін қалыптастыру туралы кеңестер беру.

### **Күтілетін нәтижелер:**

– тәрбие берудің 6 өзекті бағытының мақсат-міндеттерін және олардың жас ұрпаққа саналы тәрбие берудегі маңыздылығы саралап көрсетіледі;

– мектептің мәдени-тәрбиелік ортасын қалыптастыру мақсатында ұрпақ тәрбиесін ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға негіздей отырып, мұғалімдерге қажетті семинар-тренингтер ұйымдастыруға көмек беріп, олардың эмоционалдық және коммуникативтік құзыреттілігін жетілдіру жолдары көрсетіледі;

– отбасылық құндылықтар жүйесін жетілдіру үшін отбасының тәрбие жүйесін жетілдіруге көмек көрсетіледі, мұғалімдердің ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту жолдары, қыз бала тәрбиелеудегі ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыру бағыттарындағы жұмыс формалары көрсетіледі;

– ұлттық құндылықтар жүйесінің бала тәрбиесіне ықпалы, оларды күнделікті тұрмыс-тіршілігімізде пайдалану жолдары қарастырылып, қазақ халқынан шыққан дана тұлғалардың даналық сөздері жүйеленіп беріліп, оларды тәрбие беру жұмысында дұрыс пайдалануға қатысты нақты мысалдар беріледі;

– салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыс жасау үшін суицид және оның алдын алу бойынша оқушының қойынкітапшасы ұсынылып, онда олардың өзін анықтауларына, өмірлерін бағалауларына және өмірде кездесетін әртүрлі келеңсіз жағдайларды жеңуге қатысты кеңестер ұсынылады;

– оқушылардың АКТ сауаттылығын жетілдіру, интернетке тәуелділік, уақытты тиімді басқару, интернет кеңестігіндегі қауіпсіздік, цифрлі мәдениетті қалыптастыру мәселелері жан-жақты қарастырылады, олардың интернетті тиімді пайдалануына бағыт-бағдар беріле отырып, одан келетін қауіптің алдын алу жолдары көрсетіліп, бос уақыттарын дұрыс ұйымдастыруларына қатысты кеңестер беріледі;

– адал кәсіпкерлік, еңбек құндылықтары мен оқушыларға кәсіби бағдар беру жұмысын іске асыру жолдары және мамандық таңдаудағы ата-аналардың

міндеттері қарастырылып, кәсіби құзыреттіліктері мен қажетті біліктіліктерін қалыптастыру туралы кеңестер беріледі.

#### **4. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны**

Бағдарлама Тәрбие берудің өзекті бағыттары мен 6 модульге біріктірілген 13 тақырыптан тұрады:

##### **I модуль. Мектептің ұжымдық мәдени-тәрбиелік ортасы;**

- 1.1. Ұрпақ тәрбиесі.
- 1.2. Ұлт болашағы – саналы ұрпақ.

##### **II модуль. Отбасылық құндылықтар жүйесі;**

- 2.1. Ата-ана болу – ұлы міндет.
- 2.2. «Мектеп–ата-ана–оқушы» триадасы.
- 2.3. Қыз елдің көркі. Қыз бала тәрбиесі – ұлт болашағы.

##### **III модуль. Ұлттық құндылықтар жүйесі;**

- 3.1. Бала тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтар.
- 3.2. Ұлттың ұлы тұлғаларының даналық сөздері.

##### **IV модуль. Салауатты өмір салты**

- 4.1. Өз өмірің өз қолыңда.
- 4.2. Салауатты өмір салты.

##### **V модуль. АКТ сауаттылығы;**

- 5.1. Оқушылардың интернетке тәуелділігінің алдын алу.
- 5.2. Интернет қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

##### **VI модуль. Адал кәсіпкерлік еңбек құндылықтары.**

- 6.1. Оқушылардың кәсіби бағдарын қалыптастыру негіздері. Саналы ұрпақ тәрбиесіндегі адал кәсіпкерлік еңбек құндылықтары.
- 6.2. Мамандық таңдау – маңызды шешім.

#### **5. Оқу процесін ұйымдастыру**

**1. Тыңдаушылар санаты:** орта білім беру ұйымы педагогтері мен колледж оқытушылары

**2. Жалпы сағат саны:** 80 сағат, оның ішінде:

Дәріс – 15 сағат;

Практикалық жұмыс – 65 сағат.

**3. Оқыту форматы:** қашықтықтан

**4. Нәтижесі:** курсты аяқтағаны туралы сертификат.

Тыңдаушыларға бейнедәрістер курсы ұсынылады. Оларды тыңдағаннан



кейін практикалық жұмыстар орындалады. Тыңдаушыларға кеңес беру жұмыстары ұйымдастырылады. Бағалау рефлексия жазу тапсырмасы (эссе) негізінде жүргізілетін болады.

## 6. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

1) «Ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізі» біліктілікті арттыру курсының оқу-тақырыптық жоспары

Тақырыбы	Мазмұны	Дәріс / сағ	Практ. / сағ
<b>Тәрбие берудің өзекті бағыттары</b>	• Тәрбие берудің өзекті бағыттарының мақсат-міндеттері мен олардың маңыздылығы	<b>1</b>	<b>2</b>
<b>I модуль. Мектептің ұжымдық мәдени-тәрбиелік ортасы</b>		<b>2</b>	<b>8</b>
<b>1.1. Ұрпақ тәрбиесі.</b>	• Ұрпақ тәрбиесінің өзектілігі, әдіснамалық негіздері мен принциптері. • Ұрпақ тәрбиесін жетілдірудегі үздік шетелдік тәжірибелер • Ұрпақ тәрбиесіндегі мектептің мәдени-тәрбиелік ортасы • Ұрпақ қалыптастырудағы мұғалімнің педагогикалық рефлексиясы	1	4
<b>1.2. Ұлт болашағы – саналы ұрпақ.</b>	• Оқушылардың ұлттық сана-сезімін қалыптастырудағы педагог бейнесі • Этнопедагогиканың мұғалім тұлғасындағы маңызы • Педагогтің эмоционалды құзыреті • Педагогтің коммуникативтік құзыреті •	1	4
<b>II модуль. Отбасылық құндылықтар жүйесі</b>		<b>3</b>	<b>12</b>
<b>2.1. Ата-ана болу – ұлы міндет.</b>	• Ұрпақтар сабақтастығы • Ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынас • Перзенттік парыз • Отбасылық өмірге дайындық	1	4
<b>2.2. «Мектеп–ата-ана–оқушы» триадасы</b>	• Ұрпақ тәрбиесіндегі «мектеп-отбасы-оқушы» триадасының ынтымақтастығы • Ұлттық құндылықтарды қалыптастырудағы отбасының негізгі қызметтері • Сынып жетекшісінің ата-аналармен жұмыс түрлері • Ата-ана мен бала арасындағы психологиялық байланыс	1	4

2.3. Қыз елдің көркі. Қыз бала тәрбиесі – ұлт болашағы	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ұлттық тәлім – қыз бала тәрбиесінің негізі</li> <li>• Қыз бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі</li> <li>• Қыз бала тәрбиесіндегі ананың рөлі</li> <li>• «Мектеп-ана-қыз бала» байланысындағы жұмыс түрлері</li> </ul>	2	4
<b>III модуль. Ұлттық құндылықтар жүйесі</b>		<b>2</b>	<b>8</b>
3.1. Бала тәрбиесіндегі ұлттық құндылықтар.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ұлттық тіл, рух, намыс, діл туралы түсінік</li> <li>• Бабалар ерлігі – ұрпаққа өнеге</li> <li>• Туған елге тағзым</li> <li>• Ұлттық құндылықтар мәнін ашатын тәрбие сағаттарының үлгілері</li> </ul>	1	4
3.2. Ұлттың ұлы тұлғаларының даналық сөздері.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ұлтжандылыққа тәрбиелейтін дана сөздер</li> <li>• Ана тілін құрметтеуге тәрбиелейтін нақыл сөздер</li> <li>• Рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастыратын даналық сөздер</li> <li>• Ұлттық рухты күшейтетін ұлы адамдардың өсиет сөздері</li> <li>• Ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға арналған дәйексөздер</li> </ul>	1	4
<b>IV модуль. Салауатты өмір салты</b>		<b>2</b>	<b>8</b>
4.1. Өз өмірің өз қолыңда.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Өмір - баға жетпес құндылық</li> <li>• Өмірлік миссия, өмірлік мақсат</li> <li>• Бала қабілетін жетілдіру</li> <li>• Эмоцияны басқару ережелері</li> <li>• Буллингтен қорғану жолдары</li> </ul>	1	4
4.2. Салауатты өмір салты.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Денсаулық күту және тамақтану мәдениеті</li> <li>• Денсаулық үшін маңызды қажеттіліктер</li> <li>• Жасөспірім шақтағы жыныстық жетілу</li> <li>• Жаман әдеттер мен тәуелділік факторлары</li> <li>• Лудоманияның негізгі белгілері мен оны алдын алу жолдары</li> </ul>	1	4
<b>V модуль. АКТ сауаттылығы</b>		<b>2</b>	<b>8</b>
5.1. Оқушылардың интернетке тәуелділігінің алдын алу.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Интернетке тәуелді болудан арылу</li> <li>• Интернетке тәуелділікті болдырмау жолдары</li> <li>• Интернет кеңістігіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолы</li> <li>• Цифрлық мәдениетті қалыптастырудағы құндылықтың рөлі</li> <li>• Time-менеджмент - уақытты тиімді пайдалану</li> </ul>	1	4
5.2. Интернет	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Баланың бос уақытын қадағалау</li> </ul>	1	4

<b>қауіпсіздігін қамтамасыз ету.</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Баланың демалыс уақытын ұйымдастыру</li> <li>• Ақылы, қауіпті сайттар</li> <li>• Виртуалды әлемдегі бала қауіпсіздігі</li> </ul>		
<b>VI модуль. Адал кәсіпкерлік еңбек құндылықтары</b>		<b>2</b>	<b>8</b>
<b>6.1. Оқушылардың кәсіби бағдарын қалыптастыру негіздері. Саналы ұрпақ тәрбиесіндегі адал кәсіпкерлік еңбек құндылықтары</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Оқушылардың кәсіби бағдарын қалыптастыру негіздері.</li> <li>• Кәсіби бағдар жұмысын іске асыруға бағытталған іс-шаралар кешені</li> <li>• Шетел мемлекеттерінде оқушылардың кәсіптік бейімделуін және өзіндік анықталуын ұйымдастыру тәжірибесі .</li> <li>• Қаржылық сауаттылық. Кәсіпкерлік жолдары.</li> </ul>	1	4
<b>6.2. Мамандық таңдау – маңызды шешім.</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Баланың даралық ерекшеліктерін дамыту</li> <li>• Кәсіби бағдар беруде бала бойына сенім қалыптастыру</li> <li>• Жүрек қалауы бойынша мамандық таңдауға шешім қабылдау</li> <li>• Мамандықты шығармашылықпен игеру</li> </ul>	1	4
<b>Бағалау</b>			<b>5</b>
<b>Эссе</b>	Тыңдаушының жеке көзқарасы мен ішкі ойы (1 модуль бойынша)		5
<b>Жалпы дәріс/практ.сағ. саны</b>		<b>15</b>	<b>65</b>
<b>Барлығы сағ.</b>			<b>80</b>

2)3 бөлімнен тұратын «Ұрпақ тәрбиесіндегі құндылықтар негізі» нұсқаулықтар жинағы.

## 7. Оқу нәтижелерін бағалау

Оқу нәтижелерін бағалау рефлексия жазу тапсырмасы (эссе) негізінде жүргізілетін болады.

## 8. Курстан кейінгі қолдау

Тыңдаушыларды курстан кейінгі әдістемелік қолдау оқыту іс-шараларының түрлі формалары: семинарлар, шеберлік сыныптар, коучингтер, вебинарлар арқылы жүзеге асырылады. Іс-шаралар педагог шеберлігін жетілдіруге, оның ресурстық әлеуетін ашуға, педагогикалық тәрбиелік тәжірибесін байытуға, ұлттық тәрбие беруде туындайтын мәселелерді шешуге ықпал етеді.

## 9. Әдебиеттер тізімі

1. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы, 1922.
2. Макаренко А.С. Правильно воспитывать детей. Как? – М.: АСТ, Астрель-СПб, 2013. – 320 с.
3. Молдабеков Ж. Қазақтану және жаңару философиясы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 282 б.
4. Мұқажанова А. Қазақстан Республикасының отбасы саясаты: ұлттық және жалпыадамзаттық мәселелер: Монография. – Алматы, 2009. – 272 б.
5. Иманбаева С.Т. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. Оқулық. – Алматы, 2017. – 240 б.
6. Андрагогика – искусство и наука обучения взрослых // <https://cyberleninka.ru/article/n/andragogika-nauka-ob-obuchenii-vzroslyh>
7. Пинт А.О. Это вам, родители! – М.: Знание, 1967.
8. Сухомлинский В.А. Балаға жүрек жылуы. – А.: Мектеп, 1976. – 105 б.
9. Әл-Фараби. Бақытқа жету жайында // Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 1975. – 420 б.
10. Ахметов С. Ата-ана не үшін өмір сүреді // Тәрбие құралы. – 2005. – №3. – Б. 76–77.
11. Сеница И.Е. Педагогтық әдеп және ұстаздық шеберлік. – Алматы, 1987. – 223 б.
12. Станкин М.И. Психология общения. Курс лекции, – М., 2000.
13. Хан Н.Н. Сотрудничество в педагогическом процессе школы. – Алматы: 1997. – 212 с.
14. Таубаева Ш.Т. Передовой педагогический опыт: от теоретического осмысления к практике. Алматы: 1997. – 122 с.
15. Голос ученика – «Голос ученика» / «Оқушы үні» / «Pupil Voice» <https://cpm.kz/ru//portal/programs/glossary/?letter=%D0%93>
16. Елеусізова С. Қарым-қатынас психологиясы. – Алматы, 1995.
17. Қазақстанның тәлім-тәрбиелік ой-пікір антологиясы. – 2 том. – Алматы, 1998.
18. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың тәлім-тәрбиесі. – Алматы, 1995.
19. Құсайынов А.Қ. Ел ертеңі – бүгінгі мектепте // Қазақстан ПҒА Хабаршысы, №3, 2009.
20. Құсайынов А.Қ. К вопросу воспитания личности // Ростов-на-Дону – Армавир: XXXI международные психолого-педагогические чтения, часть 1, 2012.
21. Құсайынов А.Қ. Білім – болашақ негізі. – Алматы, 2010. – 296 б.